БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Н ТУЫ

ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

март Сейсенбі | Шығуына 33 жыл | жеке саны 20 тиын.

**БК(б)П Орталық Комитеті жұмысшы әйелдерді, инженер және техник әйелдерді еңбек өнімділігін арттыру үшін онан сайын қажырлылықпен, күшті жігермен күресуге, жоғары сапалы өнім шығару, өнімнің өзіндік бағасын кеміту, шикізатты, материалдарды, электр қуатын үнемдеу күресінде неғұрлым күшті инициатива көрсетуге, жаңа техниканы және еңбектің озат әдістерін батыл меңгеруге шақырады.**

*(БК(б)П Орталық Комитетінің Халықаралық әйелдер күні—8 март туралы қаулысынан).*

# йелдер күні—8 март туралы

## Орталық Комитетінің қаулысы

тептер, арнаулы орта мектептер және жоғары орында ы ашылды, кәсіпшілік-техникалық оқу- мемлекеттік жүйесі құрылды. Миллионнан ас- мұғалимдар жасөспірім ұрпақты коммунистік лылық және советтік патриотизм рухында іелеуде. Миллионнан астам әйелдер денсаулық тау орындарында жұмыс істейді. Біздің елімізде тер әйелдер 1940 жылғымен салыстырғанда екі ен аса көбейіп, қазіргі уақытта 207 мың адамға ті.

Социалистік Отан совет патриот әйелдерінің жа- рлық еңбегін жоғары бағалауда. 70 әйелге Со- Одағының Батыры атағы, 2170 әйелге Социа- тік Еңбек Ері атағы берілді. 730 мыңнан астам —жұмысшы әйелдер, колхозшы әйелдер, инже- тер, агрономдар, халық ағарту, денсаулық сақтау е мәдениет қызметкерлері ССРО ордендерімен, льдарымен наградталды. Ғылым, өнертабу, әде- жәке искусство саласындағы үздік еңбектері 579 әйелге Сталиндік Сыйлықтың Лауреаты ы берілді.

Коммунист партиясы мен Совет үкметі ана әйел және балаларға үнемі қамқорлық көрсетуде. Бізде әйел бүкілхалықтық құрметке бөленген. 35 мың астам әйелге «Ардақты ана» атағы берілді, үш миллион әйел «Ана даңқы» орденімен және «Ана лі» медалімен наградталды. Мемлекет 1951 жыл- езінде ғана көп балалы, жеке басты аналарға жаңа туған балаларға 6 миллиард сом жәрдем . Пионерлердің денсаулық жақсарту лагерьлері-

Капитал елдерінде миллиондаған әйелдер жалақыны арттыру үшін, еңбекті қорғаудың және әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесін енгізу үшін, халық ағарту және балалардың денсаулығын сақтау қажетіне жұмсалатын мемлекеттік қаржыны көбейту үшін күресуде.

Барлық елдердің еңбекші әйелдері атом қаруын тыюды, қару-жарақты азайтуды, Бейбітшілік Шартын жасасуды талап етуде, американ империализмінің Кореядағы қантөгіс агрессиясына қарсы шығуда. Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің әйелдері әйелдердің халықаралық демократиялық қозғалысының алдында келеді.

Барлық елдердің әйелдерімен интернационалдық байланысты барған сайын ұлғайтып нығайту, олармен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін, халықтар арасындағы достық үшін белсеніп күресу, дүниежүзілік жаңа соғыс өртін тұтандырушы империалистерге қарсы белсеніп күресу —совет әйелдерінің борышы.

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына Халықаралық әйелдер күні—8 мартты совет әйелдерінің күштерін социалистік экономика мен мәдениетті онан сайын мықтап өркендету күресіне жұмылдыру, әйелдерді 1952 жылдың жоспарын халық шаруашылығының барлық салаларында мерзімінен бұрын орындауды көздейтін бүкілхалықтық социалистік жарысқа қатыстыру ұранымен өткізуді ұсына

# Көксағыздан мол өнім алайық!

Жақында Булаев ауданының орталығында көксағыз өсірушілердің облыстық кеңесі болып, оған көксағыз өсіруші колхоздардың бригадирлері мен звено бастықтары, председательдері, МТС директорлары және көксағыз жөніндегі мамандар қатысты. «Көксағыз өсіру жұмыстарының қорытындылары және оның өнімін арттыруда каучук өсірушілердің міндеттері», сол сияқты «Каучук өсіретін бригадаларда еңбек ұйымдастыру туралы» баяндамаларды талқылады.

Баяндамалар бойынша 15 адам жарыс сөзге шығып сөйледі.

Талдықорған каучук өсірушілерінің үндеуіне жауап ретінде, кеңеске қатысушылар көксағыз тамырынан және тұқымынан мол өнім алу жолындағы республикалық социалистік жарысқа үштасты.

Төменде кейбір каучук өсірушілерге сөз беріп отырмыз. Олар Солтүстік Қазақстанның жағдайында техникалық жаңа дақылдан қалайша мол өнім алуға болатындығы туралы баяндайды және көксағыз өсіру жұмысында кездесіп отырған кемшіліктер туралы айтады.

## Алдыңғы қатарлы агротехникамен ынтымақ

**(Полудень аудандық ауылшаруашылық бөлімінің каучук өсіруші агрономы ГОРБАЧЕВА жолдастың сөзінен)**

Өткен жылы ауданның біртала колхоздарында көксағыз егісінің жекелеген участоктері бүлініп қалды. Ол участоктерді құм басып кетті. Бұл неліктен? Біз, агрономдар, апатқа ұшыраған егіс алаңдарын тыңғылықты түрде зерттедік, сөйтіп, егістің апатқа ұшырауының негізгі себебі —кейбір колхоздарда агротехникалық шаралардың өрескел бұзылғандығы екендігін анықтадық. Бұларда көксағыз жұмсақ жерлерге егіліпті, ал, жұмсақ жерлердің топырағын жел

Алайда, біз көксағыздан мол өнім алудың барлық шараларын жүзеге асырып отырғанымыз жоқ. Аудан колхоздарының «Сельхозснаб» қоймаларынан минералдық тыңайтқыштарды тасып алуының қарқыны баяу. Кейбір колхоздарда каучук өсіретін бригадалар мен звенолардың құрамы толықтырылмаған және тұрақтандырылмаған.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен машина- трактор станцияларының басшылары жөнінде те бірқылыру

Н. В. ГОГОЛЬДІҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛДЫ

# ...халықтың ұлы жазушысы 1952

☆ ☆ ☆ ☆

## ...ақымсыз әшкерелеуші

...ің отанының
...сі суреттеледі.
...қын Россияның
...тырады. По-
...еткен сезіммен
... жеңерліктей
... дүниеде табы-
...ль мақтаныш-
...амдарын сөз
...ттың шабытты
... жерлерде де
...ыс жеріндегі
...олып көрген
...рыс жанының
...нмен немесе
...с, құдайдың
...ардың бәрімен
...нің қолынан

...ілерінде («Не-
...не басқа да
...бүкіл озатты-
...н тілектесті-
...мгершіл пуш-
...ының» дәстүр-
...сыпыра шы-
... Россия жағ-
...мдардың көр-
...қырыпты әрі

... қоғамдық жо
...ей, ақ сүйек-
...ілегіне қызмет
...е жыйнаудың
...рған, сөйтіп,
...жолата жой-

...ты, өткір, шын сүйіспеншілікке бөленген шығарма...» деп таныды.

Өзінің өмірінің соңғы жылдарында Гоголь орыс қоғамының ұстазы және ақылшысы позициясында қала алмады. Реакцияшылдардың ықпалына түскен, өз заманының қоғамдық жағдайын дұрыс айыра білмеген Гоголь 1846 жылы өзінің идеялары жағынан қате «Достармен жазысқан хаттардың таңдаулы үзінділері» деген кітабын жариялады.

Бұл реакциялық кітапқа жауап ретінде Белинский жазушыға өзінің атақты хатын жолдады. В. И. Ленин кейіннен бұл хатты —революцияға дейінгі Россиядағы цензурасыз шыққан демократиялық баспасөздің таңдаулы шығармаларының бірі деп атады. Жүрегін қайғы кернегендікпен және ыза сезіммен Белинский Гогольге оның адасқандығын, Россияда крепостниктік правоны және самодержавиені жою керек екенін, халыққа бостандық және білім керек екенін, жазушыны орыс қоғамы өзінің самодержавиеден қорғаушысы деп танитынын жазды. Ұлы демократ -революционер Гогольді өзінің даңқты сықақшы- жазушы қызметіне қайтып оралуға шақырды. Бірақ, тағдырдың шешілер кезі соның өзінде жақындады. Гоголь бірнеше жылдан кейін ауыр науқастан қайтыс болды. Қайтыс болуынан бірнеше күн бұрын ол «Өлі жандардың» екінші томын өртеп жіберді.

Ол кездегі азаттық қозғалыс үшін Гогольдік реализмнің орасан зор маңызы болды. «Ревизор» мен «Өлі жандар» орыс қоғамындағы алдыңғы қатарлы...



## Оқытушылар үйінде

Облысымыздың оқытушылар үйінде орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің қайтыс болуының 100 жыл толуына байланысты осы жылы 2 март күні Қазақ ССРО Ғылым Академиясының педагогикалық институтының ғылми қызметкері Куколь жолдас «Н. В. Гоголь—орыс халқының ұлы жазушысы» деген тақырыпта қаладағы жетіжылдық және орта мектептерде орыс әдебиетінен сабақ беретін оқытушыларға арнап ғылми баяндама жасады.

Бүгін облыстық оқытушылар үйінде данышпан жазушыға арналған үлкен әдебиет кеш болады. Онда педагогикалық училищенің оқытушысы Е. И. Глушкова жолдас Гогольдің өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасайды. Баяндамадан кейін Гогольдің «Сорочин жәрмеңкесі» деген шығармасында келтірілген орыс әндері орындалып, жазушының шығармаларынан үзінділер оқылады.

Оқытушылар үйі кітапханасының үлкен залында Николай Васильевич Гогольдің өмірі мен творчестволық жолына арналған фото-монтаж жасалынды және оның шығармарынан көрме ұйымдастырылды.

* * *

Ленин атындағы қыз балалар мектебінің оқытушылар коллективі ұлы жазушының шығармаларын совет жастарының арасында насихаттау жөнінде көптеген жұмыстар істеді. Мұнда бүгін жазушының өмірі мен творчествосы туралы барлық жоғарғы кластарда әңгі-

